

Тауарлар мен көлік құралдарын әкету/әкелу міндеттемелерінің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 12 мамырдағы N 186 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 15 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2271. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 189 , 198 және 268-баптарына
с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу және тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету кеден режимдерін мәлімдеу негізінде кеден органына ұсынылатын тауарлар мен көлік құралдарын кері әкелу мен кері әкету туралы міндеттемелердің нысаны (1-қосымша) бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Жеке тұлғалар кеден шекарасы арқылы оңайлатылған , жеңілдетілген тәртіппен өткізетін көлік құралдарын кері әкету туралы міндеттемелердің (2-қосымша) нысаны бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

4. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі (А.А.Қоңлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. "Оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіппен кеден шекарасы арқылы жеке адамдар өткізетін тауарларды кедендік бақылаудың ережесін бекіту туралы" (Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 наурызда мемлекеттік N 2213 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 21 ақпандағы N 67 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ержановқа

ж ү к т е л с і н .

7. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

"Тауарлар мен көлік құралдарын
әкету/әкелу міндеттемелерінің
нысанын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының 2003 жылғы 12 мамырдағы
N 186 б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша

**Тауарлар мен көлік құралдарын кері әкету/кері әкелу туралы
(керек емесін сызып тастау қажет)**

Міндеттеме

ЖКД-ның N _____

(уақытша әкелу/әкету режимін мәлімдеген тұлғаның атауы,
деректемелері)

(тауарларды бірдейлендіруге мүмкіндік беретін айырмашылық
белгілерін көрсете отырып (не тізбеге сілтеме жасай отырып)

тауарлардың атауы, көлік құралдары үшін: түрі және маркасы,

двигателінің, шассиінің, кузовының N, тіркеу нөмірі)

"__" _____ 20__ жылғы мерзімге дейін Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуді, Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкетуді жүргізуге міндеттенеді (қажеттісін көрсету):

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелуге/әкетуге талаптармен
т а н ы с т ы .

Кеден заңнамасын бұзғандығы үшін жауаптылық туралы ескертілді.

Ұйымның (кәсіпорынның) басшысы _____ Т.Ә.А.
(қолы)

М.О.

/Заңды тұлғалар үшін/

(қолы)

(жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні)

/Жеке тұлғалар үшін/

"___" _____ 20__ жыл.

"Тауарлар мен көлік құралдарын

әкету/әкелу міндеттемелерінің

нысанын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасының

Кедендік бақылау агенттігі

төрағасының 2003 жылғы 12 мамырдағы

N 186 бұйрығына

2-қосымша

көлік құралдарын жеңілдетілген тәртіппен кері әкету туралы

_____ N _____ міндеттеме

(кеден органының атауы)

Түрі, зауыттық нөмірі _____

Двигателінің нөмірі _____

Шассиінің нөмірі _____

Мемлекеттік нөмірі _____

Иесі _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Азаматтығы _____

Жеке басы куәлігінің (паспорт) нөмірі _____

Куәлікті берген мекеме, күні _____

Тұрғылықты жерінің мекен-жайы, _____

Кері әкету (әкелу) күні _____

"___" _____ 200__ жыл

Қолы _____

К е д е н н і ң

б е л г і с і :

Кеден инспекторының қолы _____

жеке нөмірлі мөрімен куәландырылады

"___" _____ 20__ жыл

Автокөлік құралын иеліктен айыру, пайдалануға беру немесе оны белгіленген кеден режиміне орналастырмастан басқа адамның иелік етуіне берілуі мүмкін е м е с .

Лайықты дәрежеде куәландырылған міндеттеме заңды мәні бар фактілер туралы мәліметтерді қамтитын құжат болып табылады. Міндеттемеде, сондай-ақ кеден органының лауазымды адамына дұрыс емес мәліметтерді хабарлау немесе кері әкету мерзімдерін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.